



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 1-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

«Қаражанбасмұнай» АҚ
директорлар кеңесінің
202__ ж. «__»_____
№ _____ шешімімен

БЕКІТІЛДІ

**«Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы
өнертабыстық қызмет туралы
ЕРЕЖЕ**

Ақтау қ., 2022 жыл



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 2-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

МАЗМҰНЫ

Бөлім №	Бөлім атауы	Бет
1.	Жалпы ережелер	3
2.	Анықтамалар мен қысқартулар	3
3.	Жауапкершілік	5
4.	Негізгі нормативтік ережелер	5
4.1.	Өнертабыстық қызметті ұйымдастыру мақсаттары мен міндеттері	5
4.2.	Өнертабыстық қызметті ұйымдастыру	6
4.3.	Өнертабыстық ұсыныс және оның құқықтық негізі	7
4.4.	Өнертабыстық ұсынысты қарау тәртібі	8
4.5.	Өнертабыстық ұсыныс авторының құқықтары	11
4.6.	Өнертабыстық ұсынысқа сыйақы	11
4.7.	Жұмыскерлерге қойылатын өлшемшарттар	14
4.8.	Жұмыскердің нәтижелеріне қойылатын негізгі өлшем-шарттар	14
4.9.	Өнертабыстық қызмет жайын бақылау. Статистикалық және аналитикалық есептілік	14
5.	Қорытынды және өтпелі ережелер	14
6.	Блок-сызба	15
	№1 қосымша	16
	№2 қосымша	17
	№3 қосымша	20
	№4 қосымша	21
	№5 қосымша	22
	№6 қосымша	23
	№7 қосымша	24
	Келісімдеу парағы	25
	Құжатпен танысу парағы	26



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 3-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қаражанбасмұнай» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесі мен Басқармасының тапсырмаларына сәйкес шығындарды оңтайландыру және Компания табысын ұлғайту мақсатымен әзірленген және Қоғамдағы өнертабыстық қызмет тәртібін реттейтін ішкі құжат болып табылады. Ереже өнертабыстық ұсыныстарға өтінімдерді беру, қарау, келісімдеу, мақұлдау және оларды Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін жақсарту мақсатымен одан әрі пайдалану тәртібін белгілейді, сондай-ақ Қоғамның өнертабыстық ұсыныстар авторларына сыйақы төлеу шарттары мен тәртібін реттейді.

1.2. «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық ұсыныстар «Қаражанбасмұнай» АҚ-да «Қорғау» картасын пайдалану қағидаларымен және «Қаражанбасмұнай» АҚ-да қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы оң көрсеткіштер үшін қызметкерлерді материалдық ынталандыру туралы ережемен реттеледі.

1.3. Біржолғы сыйлықақы Қоғамның Бас директорының бұйрығы негізінде, осы Ереженің 1.4-тармағына сәйкес осы мақсатқа көзделген қаражат есебінен, бекітілген Сыйлықақы қоры шегінде төленеді.

1.4. Осы мақсаттарға арналған Сыйлықақы қоры Қоғамның ӨҚ/ӘБҚ бекітілген еңбекақы төлеу қорының 0,2% мөлшерінде жоспарланады. Кейбір жағдайларда Сыйлықақы қоры «Қызметкерлерге арналған шығындар» бабы бойынша үнемдеу есебінен құрылуы мүмкін.

2. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

2.1. Осы Ережеде келесі қысқартулар мен ұғымдар қолданылады:

Термин не қысқарту	Термин анықтамасы / қысқартудың толық жазылуы
ҚР	Қазақстан Республикасы
Ереже	«Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже
Қоғам	"Қаражанбасмұнай" акционерлік қоғамы
ҚР заңнамасы	ҚР Конституциясы, ҚР кодекстері, заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ ҚР ратификациялаған халықаралық келісімдер
Идея авторы	Қоғамға идея және/немесе өнертабыстық ұсыныс жасаған Қоғам жұмыскері (жұмыскерлері)
Идеялар банкі	www.kbm.kz сайтында орналасқан Қоғам жұмыскерлерінің идеялары мен өнертабыстық ұсыныстарын жинауға және өңдеуге арналған деректер базасы
Ішкі нормативтік құжат	Қоғам жұмыскерлерінің, құрылымдық бөлімшелерінің, органдарының, жұмыс топтарының, комитеттерінің және өзге де консультативтік-кеңестік органдарының қызметін жүзеге асыру тәртібі мен әдісін, өкілеттіктерін белгілейтін құжат
БжЭТД	Бюджеттеу және экономикалық талдау департаменті



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 4-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

ҚБЖЕАД	Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті
Мүдделі құрылымдық бөлімшелер	Қоғамның құрылымдық бөлімшелері келесі жағдайларда мүдделі болып есептеледі: <ul style="list-style-type: none"> • материалдарда осы құрылымдық бөлімшелер жетекшілік ететін мәселелер қамтылса; • Қоғамның нормативтік құжаттарында осы құрылымдық бөлімшелер жауапты болып белгіленген немесе оларға Қоғамның Ғылыми-техникалық кеңесінің тиісті тапсырмалары бар.
Идея	Бар проблемаларды шешуге және/немесе шығындарды азайтуға бағытталған өнертабыстық ұсыныстың негізгі ойы/түйіні
ҚМГИ	«ҚазҒЗЖИМунаигаз» «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы
Ғылыми-техникалық кеңес	Инновациялық даму және өнертабыстық қызмет саласындағы мәселелерді талқылау және шешу үшін белгіленген тәртіппен құрылған Қоғам Басқармасы жанындағы консультативтік-кеңестік орган
Жауапты бөлімше	Қоғамның құрылымдық бөлімшесі - Бюджеттеу және экономикалық талдау департаменті (БжЭТД)
Проблема	Зерттеуді, шешуді және жақсартуларды талап ететін қолданыстағы технологиядағы немесе қолданыстағы қондырғының/жабдықтың жұмысындағы кемшіліктер /шығындар/олқылықтар, құралдың немесе өндірісті ұйымдастырудың, өнім конструкциясының және/немесе материал құрамының және/немесе ағымдағы бизнес-үдерістің тиімсіздігі
ЭҚЖ	Қоғамның электрондық құжат айналымы жүйесі
Өнертабыстық ұсыныс	Шығындарды азайтуға/табысты ұлғайтуға бағытталған және/немесе төмендегідей болып табылатын кез келген техникалық, ұйымдастырушылық немесе басқарушылық шешім: <ul style="list-style-type: none"> • Қоғам не оның жеке активі үшін жаңашыл және пайдалы, қаржылық-шаруашылық қызметке оң экономикалық немесе басқа да оң әсер ететін; • қоғам жұмысының үдерісін жақсарту бойынша белгілі бір мәселені немесе тапсырманы шешудің жаңашыл және/немесе басқа шешімі ретінде айқындалған ақпарат, автордың (өнертапқыштың) зияткерлік шығармашылығының нәтижесі.
Өнертапқыш	Қоғам үшін өнертабыстық ұсыныстары мен идеяларын ұсынған Қоғам жұмыскері

2.2. Қолданылатын, бірақ осы Ережеде ашылмаған анықтамалар ҚР заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында қолданылатын анықтамаларға сәйкес келеді.



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 5-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

3. ЖАУАПКЕРШІЛІК

3.1. Жауапты бөлімше төмендегілер үшін жауапты:

- Қоғамның Ғылыми-техникалық кеңесінде одан әрі қарау үшін келіп түскен өтінімдердің тізбесін қалыптастыру;
- Қоғамның ғылыми-техникалық кеңесіне қызметкерлердің өнертабыстық ұсыныстары бойынша материалдарды ұсыну;
- Қоғамның өнертабыстық қызметінің жүзеге асырылуы туралы Есепті Қоғамның ғылыми-техникалық кеңесінде жылына кемінде бір рет дайындау.

3.2. Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелері идея авторының/өнертапқыштың өтінімі материалдарын БжЭТД-дан алғаннан кейін өз құзыреті шегінде оларды келісімдеуге жауапты болады.

3.3. Қоғамның Бас директоры осы үдерісті барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге және Қоғамдағы өнертабыстық қызмет туралы осы Ереже талаптарының сәйкесінше сақталуына жауапты.

3.4. Қоғамның Ғылыми-техникалық кеңесінің төрағасы мен мүшелері Идеялар банкіне келіп түскен идеялар мен өнертабыстық ұсыныстар бойынша шешім қабылдауға жауапты.

3.5. Идея авторы/өнертапқыш мыналар үшін жауапты:

- осы Ереже талаптарына сәйкес өтінімдерді беру және өнертабыстық ұсыныстарды тиісті түрде ресімдеу;
- өнертабыстық ұсынысты енгізуден болуы мүмкін жылдық экономикалық немесе басқа нәтижені дұрыс есептеу;
- өнертабыстық ұсыныс жүзеге асырылған кезде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы ҚР заңнамасының сақталуы.

4. НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Өнертабыстық қызметті ұйымдастыру мақсаттары мен міндеттері

4.1.1. Қоғамда өнертабыстық қызметті ұйымдастырудың негізгі мақсаттары:

- инновациялық және өнертабыстық мәдениетті, соның ішінде үздіксіз жетілдіру және ысыраптарды азайту мәдениетін қалыптастыру;
- Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және өндірістік мәселелерін шешу үшін өнертапқыштардың шығармашылық әлеуетін пайдалану;
- идеяларды қалыптастырғаны үшін моральдық және материалдық ынталандыру арқылы Қоғам жұмыскерлерінің өз жұмысының нәтижелеріне қызығушылығын арттыру;
- шығындарды оңтайландыру және олардың өнімділігін арттыру үдерісіне жұмыскерлерді тарту.

4.1.2. Өнертабыстық қызметті ұйымдастырудың негізгі міндеттері:


- шығындарды оңтайландыру, табысты арттыру және ысырапты азайту;



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 6-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

- Қоғамдағы өнертабыстық қызметтің жай-күйін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу арқылы жақсарту;
- инновациялық және зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау саласындағы ҚР заңнамасының сақталуын бақылау;
 - Өнертапқыштарға өтінімдер мен өнертабыстық ұсыныстарды ресімдеуге көмектесу;
- Қоғамның Ғылыми-техникалық кеңесінің шешімдері негізінде өнертабыстық ұсыныстардың орындалуын есепке алу және бақылау;
- өнертабыстық ұсыныстардың экономикалық тиімділігін есептеуді, Ғылыми-техникалық кеңестің шешімі бойынша өнертапқыштарға төленетін авторлық сыйақыны есептеуді, өнертапқыштарды ынталандырудың басқа шараларын қарастыруды ұйымдастыруға ықпал ету;
- Қоғамның өнертабыстық қызметін ақпараттық қамтамасыз ету.

Идеялар банкінің тұжырымдамасы



4.2. Өнертабыстық қызметті ұйымдастыру

- 4.2.1. Қоғамда өнертабыстық қызмет ҚР заңнамасына, осы Ережеге және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастырылады.
- 4.2.2. Қоғамда өнертабыстық қызмет ұйымдастыруға жауапты бөлім – БжЭТД үйлестіреді.
- 4.2.3. Келіп түскен ұсыныстарды мүдделі құрылымдық бөлімшелердің мамандары және қажет болған жағдайда ҒТК шешімімен «ҚазҒЗИмұнайгаз» ЖШС, «КМГ Инжиниринг» ЖШС филиалының ғылыми қызметкерлері сараптайды.
- 4.2.4. Түпкілікті шешімді Қоғамның ҒТК өнертабыстық ұсыныстарды іске асыру бойынша есептерді тыңдау нәтижелеріне қарай қабылдайды.
- 4.2.5. Өнертабыстық ұсыныстарды іске асырылуын бақылауды енгізу орны бойынша құрылымдық бөлімшенің басшысы жүзеге асырады.

4.3. Өнертабыстық ұсыныс және оның құқықтық негізі

- 4.3.1. Өтінімді Жауапты бөлімше Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің қорытындылары негізінде келесі өлшемшарттарды ескере отырып, ұтымды ұсыныс ретінде таниды:
- 4.3.1.1. Өнертабыстық ұсыныстың авторы өтінім бергенге дейін:
- ұсынысты жүзеге асыру үшін жеткілікті дәрежеде Қоғамға белгілі болған жоқ (яғни идея ғана белгілі, бірақ оны іске асыру әдістері, қажетті негіздеу есептері мен идеяны жүзеге асыру жолдары белгілі емес болғанда);



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 7-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

• кәсіпорын үшін міндетті нормалар мен құжаттарда (стандарттар, нормалар, техникалық шарттар және т.б.) көзделмеген.

4.3.1.2. Өнертабыстық ұсыныс Қоғамға келесі пайда әкеледі:

- экономикалық тиімділік (Қоғамның пайдалану және/немесе күрделі шығындарын азайту, қосымша пайда алу, еңбек шығындарын азайту, Қоғамның өндірістік-шаруашылық қызметінде отын-энергетикалық және басқа да материалдық ресурстардың жұмсалуды азайту және т.б.);
- нақты өнімді дайындау немесе өндіру үшін шешуші болып табылмайтын үдерістің (өндірістің), өнімнің, жабдықтың екінші кезектегі техникалық немесе пайдалану сипаттамаларын жақсарту;
- еңбекті ұйымдастырудың, үдерістер мен механизмдерді басқарудың қолданыстағы әдістерін, сондай-ақ Қоғамның бағдарламалық жасақтамасын жетілдіру және тиімділігін арттыру.

4.3.2. Ұсыныс ұтымды және Қоғамда енгізуге жарамды деп танылмайды, егер:

- осы Ереженің анықтамаларына сәйкес келмесе;
- ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген зияткерлік меншік объектілеріне меншік иелерінің құқықтарын бұзса;
- бұған ҒТК-нің тиісті шешімі бар болса;
- белгілі бір қызметтік тапсырманы, нұсқауды, бұйрықты, шарт жұмыстарын және т.б. орындаудың нәтижесі болып табылса;
- өндірістік құралдың/аппараттың/құрал-саймандардың/қондырғылардың/жабдықтың беріктілігі мен қызмет ету мерзімін жояды, өнім сапасын нашарлатады, Қоғам жұмыскерлерінің еңбек жағдайын нашарлатады және олардың денсаулығына зиян келтіреді, Қоғамдағы жұмысты ұйымдастыру сапасын нашарлатады (қондырғылар/жабдықтар/технологиялар), қоршаған ортаны ластайды және/немесе экологиялық қауіпсіздік нормаларының бұзылуына әкеп соғады, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы нормаларына сәйкес келмейді, апаттар мен жарақат алу қаупін арттырады.

4.3.3. Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасы сақталған жағдайда, өнертабыстық ұсынысқа авторлық құқық өнертабыстық ұсынысқа өтінім берген өнертапқыш/идея авторына тиесілі. Егер өнертабыстық ұсынысты жасауға бірнеше автор бірлесіп қатысқан болса, онда басқа авторлар осы өнертабыстық ұсыныстың бірлескен авторлары болып саналады. Өнертапқыш авторлығы оның өнертабыстық ұсынысы қолданылатын бүкіл Қоғам бойынша құқықтарды бекітеді.

4.4. Өнертабыстық ұсынысты қарау тәртібі

4.4.1. Идеялардың авторы/ Өнертапқыш деректерін Идеялар банкінде тіркеу үшін жеке кабинетті тіркеу қажет.

4.4.2. Ұсынысты өнертабыстық ретінде қарау үшін идея авторы/ Өнертапқыш осы Ережеге №1 қосымшаның белгіленген нысанына сәйкес Идеялар банкі арқылы өтінім береді.

4.4.3. Ресми өтінімге сызбалар/нобайлар/эскиздер/презентация, техникалық-экономикалық есептер (қолданылатын жылдарда қол жеткізетін оң экономикалық нәтиже туралы құндық мәнімен (мың теңге) берілген ақпаратты Excel форматында көрсетіп) басқа да жазбаша түсініктемелер мен материалдар қоса берілуі керек.



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 8-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

4.4.4. Жауапты бөлім қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет Қоғамның Ғылыми-техникалық кеңесінде одан әрі қарау үшін келіп түскен идеялардың тізбесін қалыптастырады.

4.4.5. Өнертабыстық ұсынысқа өтінімнің «Ұсыныстың сипаттамасы» бөлімінде мәселе және оны жою жөніндегі өнертабыстық ұсыныс нақты тұжырымдалуы керек. Өнертабыстық ұсыныстың мақсаты, ұсынылатын техникалық немесе өзге де шешімнің мазмұны, оны іс жүзінде іске асыру үшін қажетті деректер, сондай-ақ ұйымдастырушылық, өндірістік-техникалық, басқарушылық және Қоғамда қолданылатын басқа да шешімдерді жетілдіру жолымен негізделген экономикалық немесе өзге де тиімділік. Өнертабыстық ұсынысқа өтінімге қажет материалдар осы Ережеге №2 қосымшаға сәйкес ресімделеді.

Сондай-ақ өтінімде автор өнертабыстық ұсынысты енгізгеннен болатын экономикалық тиімділік есебін №3 қосымшаға сәйкес көрсетуге тиіс.

4.4.6. Өтінім әрбір өнертабыстық ұсынысқа бөлек беріледі. Жауапты бөлімше өтінімді қарау барысында онда екі немесе одан да көп дербес ұсыныстар бар екені анықталса Өнертапқыш бір ай ішінде әрбір шешімді бөлек ресімдеуге міндетті. Автор Ереженің осы талабын орындамаған жағдайда, өтінім онда көрсетілген бірінші ұсынысқа қатысты ғана қаралады.

4.4.7. Берілген материалдар ұсыныстың іс жүзінде орындалуын негіздеу үшін жеткілікті болуы керек.

4.4.8. Материалдардың толық пакеті сәйкесінше берілген жағдайда, өнертабыстық ұсынысқа өтінімді Жауапты бөлімше ол берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Идеялар банкінде тіркейді.

4.4.9. Осы Ереже талаптары бұзылып жасалған немесе Қоғамның қызметіне қатысы жоқ өтінім тіркеуге қабылданбайды және қайтарылу себебі көрсетіліп, «Тіркеуден бас тартылды» деген статуспен өтінім берушіге қайтарылады.

4.4.10. Қоғамның Идеялар банкінде тіркелген сәттен бастап «Қаралуда» статусы бар өтінім ресімделген ұсыныс болып саналады.

4.4.11. Өтінім ресми тіркелгеннен кейін өнертапқыш оған өнертабыстық ұсыныстың мәнін өзгертпейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Өнертапқыштың тіркелген ұсыныстың мәнін өзгертуі жаңа ұсыныс ретінде қарастырылады, ол үшін жаңа өтінім берілуі керек.

4.4.12. Тіркелген өтінімді Жауапты бөлімше алдын ала қарайды, содан кейін № 4 қосымшаға сәйкес қарау және қорытынды дайындау үшін жауапкершілік бағыттары бойынша ЭҚЖ арқылы Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне жолдайды.

4.4.13. Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің Жауапты бөлімше жасаған ресми өтінішті қарау мерзімі 10 жұмыс күнінен аспайды.

4.4.14. Өтінімді қарау мерзімін Жауапты бөлім Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен келісімдеу үшін қажет уақытқа ұзартуы мүмкін.



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 9-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

4.4.15. Құрылымдық бөлімше басшысы қол қойған құрылымдық бөлімшенің қорытындысы № 4 қосымшаға сәйкес ЭҚЖ-да ресімделеді.

4.4.16. Өнертабыстық ұсынысты іске асырудан болатын оң экономикалық нәтижені есептеуді өнертапқыш өз бетімен немесе №3 қосымшаға сәйкес Жауапты бөлімшенің көмегімен жүзеге асырады, қажет болған жағдайда бұл есеп Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен келісімделуі мүмкін.

4.4.17. Идеялар банкіне келіп түскен өтінімге сәйкес Жауапты бөлімше Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің қорытындыларын ескере отырып, ҒТК мүшелері үшін тиісті ақпаратты дайындайды.

4.4.18. Идеяларды/өнертабыстық ұсыныстарды қарау бойынша ҒТК отырысының шешімі хаттамамен ресімделеді.

4.4.19. Өнертапқыштың өтінімі бойынша Қоғамның Ғылыми-техникалық кеңесі келесі шешімдерді қабылдай алады:

- ҚМГИ-ге сараптамаға өтінім жіберу;
- ұсынысты өнертабыстық деп тану және оны Қоғамда пайдалануға қабылдау;
- жасалған өнертабыстық ұсынысқа тәжірибелік тексеру жүргізу;
- өтінім берушінің ұсынысын қабылдамау;
- өтінім материалдарын Қоғамның Ғылыми-техникалық кеңесінің қайта қарауына ұсыну үшін өтінімді түзету үшін өнертапқышқа қайтару.

4.4.20. Ғылыми-техникалық кеңестің шешімі «Өнертабыстық ұсыныс (ұсыныстың атауы) бойынша қабылданған шешімдер» бөлімінде баяндалады және оны жауапты бөлімше өтінім берушіге ғылыми-техникалық кеңес шешім қабылданғаннан бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізеді.

4.4.21. ҒТК-нің өнертабыстық ұсынысқа өтінімді қабылдау туралы шешімінде Ғылыми-техникалық кеңес қабылдау себептерін көрсетуге тиіс.

4.4.22. Жасалған өнертабыстық ұсынысты тәжірибелік тексеру туралы шешім, сондай-ақ өтінімді сараптамаға ҚМГИ-ге жіберу туралы шешім Ғылыми-техникалық кеңестің шешімі негізінде ғана қабылданады.

4.4.23. Оң нәтиже болған жағдайда, соның ішінде оң экономикалық нәтиже өнеркәсіптік-тәжірибелік тексеру аяқталғаннан кейін болса, Ғылыми-техникалық кеңестің осы өнертабыстық ұсынысты Қоғамда қолдану туралы тиісті шешімі қабылданады.

4.4.24. Ұсынысты өнертабыстық деп тану туралы шешімнің күшін тек Ғылыми-техникалық кеңестің шешімімен ғана жоюға болады. Жауапты бөлімше бұл шешім туралы өнертабыстық ұсыныстың авторына хабарлауы керек. Ол үшін идея авторының электрондық адресіне/жеке кабинетіне ғылыми-техникалық кеңестің хаттамалық шешімнен үзінді көшірме жіберуге тиіс.

4.4.25. Өнертабыстық ұсыныстың пайдаланылғаны туралы мәліметтер актімен расталады, оған Қоғам басшысының енгізу орны бойынша құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 10-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

бірінші орынбасары және өнертабыстық ұсыныстың авторы қол қояды. Акт 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

4.4.26. Өнертабыстық ұсыныстың Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінде тәжірибелік мәні бар болса, ол Ғылыми-техникалық кеңестің шешімімен пайдаланылды деп танылады.



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 11-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

4.5. Өнертабыстық ұсыныс авторының құқықтары

4.5.1. Идея авторының құқықтары:

- өнертабыстық ұсыныс жасаушысы деп аталу құқығын қамтамасыз ететін авторлық құқық;
- өнертабыстық ұсыныс үшін Қоғамнан сыйақы алу құқығы;
- осы Ережеде, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында және ҚР заңнамасында көзделген басқа да құқықтар.

4.5.2. Өнертабыстық ұсыныс авторының құқықтары өнертабыстық ұсыныс деп танылады және Қоғамда қолданылады.

Бірнеше автор ортақ құқықтарды пайдалану тәртібі олардың арасындағы жазбаша келісіммен айқындалады.

4.5.3. Идея авторы ұсынысты пайдалануға дайындауға (техникалық құжаттаманы әзірлеу, тәжірибелік үлгілерді дайындау және сынау, өндірісті ұйымдастыру) қатысуға құқылы. Бұл жағдайда онымен өнертабыстық ұсыныс бойынша жұмыстарды (қызметтік тапсырманы орындау барысында жүргізілетін жұмыстарды қоспағанда) орындауға азаматтық-құқықтық шартқа отыруға болады.

4.5.4. Өнертабыстық ұсыныс авторлары/бірлескен авторлар өтінім материалдарын қарау және бірлесіп талқылау үшін ғылыми-техникалық кеңестің отырысына шақырылуы мүмкін.

4.5.5. Өнертабыстық ұсыныс авторларының үнем есебінің дұрыстығына, көлеміне, оны есептеу тәртібіне, өзге де оң нәтижеге, сондай-ақ өнертабыстық ұсынысы үшін авторға сыйақы төлеу мерзімдері мен сомаларына, ұсынысты пайдалану фактісіне қатысты шағымдарын Жауапты бөлімше одан әрі ғылыми-техникалық кеңес отырысында қарау мақсатымен қарайды.

4.6. Өнертабыстық ұсынысқа сыйақы

4.6.1. Осы Ереже сыйлықақылардың екі түрін анықтайды:

- Идеялар банкіне келіп түскен ерекше (қайталанбайтын) өнертабыстық ұсыныстар үшін;
- өнертабыстық ұсынысты енгізу нәтижесінде алынған экономикалық тиімділік үшін.

4.6.2. Идеялар банкіне келіп түскен ерекше (қайталанбайтын) өнертабыстық ұсыныстар үшін авторға сыйлықақы ФТК шешімі негізінде бастама үшін (экономикалық тиімділігі бар жоғына қарамастан) бір ұсынысқа 2500 (екі мың бес жүз) теңге көлемінде төленеді.

Ұсыныстар келесі өлшемшарттарға сәйкес келуі керек:

- ерекшелік (даралық);
- мәселе шешімінің айтарлықтай айырмашылықтары бар;
- болжалды экономикалық тиімділігі - кем дегенде 1 млн теңге.



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 12-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

4.6.3. Идеялар банкіне келіп түскен ұсыныстарды БжЭТД жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелермен бірге қарайды және бас директордың жетекшілік ететін орынбасарларымен келісімдейді. Өнертабыстық ұсынысты іске асыру нәтижесінде қол жеткізген экономикалық тиімділік үшін сыйлықақы төлеу туралы шешімді Қоғамның ҒТК мақұлдағаннан кейін БК қабылдайды.

4.6.4. Қол жеткізген экономикалық нәтижеге негізделген сыйлықақы төлемі қол жеткізген экономикалық нәтиже сомасына байланысты (егер қолданылса, бір жылға есептеліп) мынадай мөлшерлерде айқындалады:

Экономикалық нәтиже (бір жылға есептелген), теңге	Сыйлықақы есебі, теңге
10 000 000 төмен	әр теңге үшін 1%
10 000 001 – 15 000 000	100 000 + 10 000 000 теңгеден кейінгі әр теңге үшін 1%
15 000 001 – 20 000 000	150 000 + 15 000 000 теңгеден кейінгі әр теңге үшін 0,9%
20 000 001 – 25 000 000	200 000 + 20 000 000 теңгеден кейінгі әр теңге үшін 0,8%
25 000 001 – 30 000 000	250 000 + 25 000 000 теңгеден кейінгі әр теңге үшін 0,7%
30 000 001 – 35 000 000	300 000 + 30 000 000 теңгеден кейінгі әр теңге үшін 0,6%
35 000 000 жоғары	350 000 + 35 000 000 теңгеден кейінгі әр теңге үшін 0,5%

Ескерту: Экономикалық нәтиже есебі бастаманы іске асыру көрсеткіштеріне негізделуі керек. Бастама енгізілгеннен кейін 1 жыл өткен соң қол жеткізген экономикалық тиімділік есептеледі, сонымен қатар өндірістік және басқа көрсеткіштер (ҚТ, ҚОҚ, ТЖ және т.б.) бойынша ақпарат – тиісті ББӘ-ден бизнес-үдерістердің нашарламағаны туралы растама беріледі. Нәтижелер мен барлық қажетті ақпарат БжЭТД мен ҚБЖЕАД-ға беріледі.

4.6.5. Нәтижесі ақшалай өлшенбейтін іс-әрекеттер үшін сыйақы мөлшері іс-әрекетпен жасалған басқа нәтиже ескеріліп, оның шын мәніндегі құндылығына байланысты белгіленеді және ол қызметкердің екі қызметтік жалақысынан аспауы керек.

4.6.6. Табысты ұлғайту және оңтайландыру бағдарламасын іске асыру шеңберінде өнертабыстық ұсынысты енгізу нәтижесінде қол жеткізген экономикалық нәтиже үшін біржолғы сыйлықақы төлемі Бюджет комиссиясының шешімі негізінде жасалады.

4.6.7. Идея авторына сыйақы төлеу мерзімдері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген.

4.6.8. Автордың өнертабыстық ұсынысына төленген сыйақыға ҚР заңнамасына сәйкес салық салынады.



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 13-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

4.6.9. Өнертабыстық ұсыныс бойынша сыйақы төлемі мынадай құжаттар пакеті негізінде жасалады:

- осы Ереженің барлық талаптарына сәйкес жасалған ұсыныс,
- ҒТК шешімімен өнертабыстық деп танылған және Қоғамның өндірістік объектілерінде пайдалануға рұқсат етілген ұсыныс;
- Идеялар банкіне берілген өнертабыстық ұсынысқа өтінім;
- ҒТК хаттамасы;
- осы Ереженің №4 қосымшасына сәйкес жасақталған, Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен келісімделген қорытынды;
- бірлескен авторлардың №6 қосымшаға сәйкес жасаған сыйақыны бөлу туралы келісімі (келісімнің жоқ болғаны авторлардың сыйақыны тең бөлуге келісімін білдіреді);
- оң экономикалық/басқа нәтиже беретін өнертабыстық ұсыныс үшін төленетін авторлық сыйақы көлемінің есептері, №7 қосымшаға сәйкес;
- Қоғамның бірінші басшысының БК-нің тиісті шешімі негізінде қызметкерге сыйақы төлеу туралы бұйрығы.

4.6.10. Бюджеттік комиссияның құрамына кіретін:

- Төраға – Қоғамның бас директоры;
- Төраға орынбасары – Қоғамның бас директорының бірінші орынбасары;

Бюджеттік комиссияның мүшелері:

- Қоғамның бас директорының барлық орынбасарлары;
- БжЭТД директоры;
- БжЭТД директорының орынбасары.

Бюджеттік комиссияның хатшысы: БжЭТД қызметкері (дауыс беру құқығы жоқ).

4.7. Жұмыскерлерге қойылатын өлшемшарттар

4.7.1. Сыйлықақыны осы Ережеге сәйкес Қоғамның кез келген штаттық/штаттан тыс қызметкері ала алады. Сыйлықақы алу құқығы қызметкердің Қоғамда қанша уақыт жұмыс істегеніне байланысты емес. Қызметкер сыйлықақыны күнтізбелік жылда бір реттен артық алуы мүмкін.

4.7.2. Осы Ережеде көзделген сыйлықақы БК төрағасына, БК мүшелеріне, бас директорлардың орынбасарларына, бас геологке, ІАҚ және Корпоративтік хатшылық қызметкерлеріне төленбейді.

4.8. Жұмыскердің нәтижелеріне қойылатын негізгі өлшемшарттар



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 14-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

4.8.1. Сыйлықақы нәтижесінде жоспардан тыс үнемдеу болған, табыс көбейген және / немесе ысырап / шығын жоқ болған өнертабыстық ұсыныстар үшін төленуі мүмкін.

4.8.2. Табыс табу, қаражатты үнемдеу, ысырап / шығын / зиян болдырмау жұмыскердің тікелей міндеті болса, ол үшін жұмыскерге сыйлықақы төленбейді.

4.9. Өнертабыстық қызмет жайын бақылау. Статистикалық және аналитикалық есептілік

4.9.1. Қоғамдағы өнертабыстық қызметті ұйымдастыруды, үйлестіруді және жай-күйіне мониторинг жасауды Жауапты бөлімше жүзеге асырады.

4.9.2. ҒТҚ Жауапты бөлімшенің Қоғамда өнертабыстық қызметті дамыту шеңберіндегі іс-шаралардың орындалуы туралы есебін жылына кемінде бір рет тыңдайды.

4.9.3. Іс-шаралардың іске асырылуы туралы есепте орындалған іс-шаралардың тізбесі мен қысқаша сипаттамасы, жұмыс көрсеткіштерінің жақсарылуы немесе нашарлауы себептері болуға тиіс.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Осы Ереже Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.


5.2. Осы Ережеге енгізілген кез келген өзгерістер және / немесе толықтырулар оларды Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткеннен кейін ғана жарамды.

5.3. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер ҚР қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ Қоғамның ішкі басқару құжаттарына сәйкес – Ережемен реттелмеген бөлігінде реттеледі.



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 15-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

6. БЛОК-СЫЗБА





Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 16-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

№1 қосымша
(Қоғамның идеялар банкіне берілетін өтінім нысаны)
Толтыру үлгісі

Идеялар банкіне берілетін өнертабыстық ұсынысқа/идеяға ӨТІНІМ

Ұсыныс атауы

Мәселе сипаты, мәселе туындаған жер

Ұсыныстың/мәселе шешімінің сипаты

Қолданылатын жері

Қызмет бағыты (керегін таңдап алған жөн)

- Қоршаған ортаға экологиялық әсерді азайту және өнеркәсіп қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау деңгейін көтеру;
- Операциялық шығындар мен технологиялық ысыраптарды оңтайландыру;
- Өндіріс технологиясын жетілдіру;
- ҰЖКЖ;
- Көлік;
- Кадрлар;
- Қалғаны.

Ескерту: Толтыру үлгісі www.kbm.kz сайтында, Идеялар банкі тарауында берілген. Өтінімді рәсімдеген кезде автор бастапқы тіркеуден өтуге тиіс.



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 17-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

№2 қосымша

Өнертабыстық ұсыныс мазмұнына қойылатын талаптар

1. Сипаттамаға қойылатын талаптар

1.1. Өтінімнің негізгі құжаты - мәселе мен өнертабыстық ұсыныс сипаттамасы, ұсыныс мәнінің тұжырымдамасымен бірге. Ұсыныс сипаттамасында, тұжырымдалуында және сызбаларда мәселенің мәні мен оны шешу бойынша ұсыныстар беріледі, осы құжаттарды Инновациялық комитет ұсынысты өнертабыстық деп тану туралы шешім қабылдау кезінде қарайды. Берілген өтінімді бағалаудың дұрыстығы сипаттаманың қаншалықты нақты және дұрыс жасалғанына байланысты болады.

1.2. Ұсыныс өтінімді бергенге дейін осы салада бұрыннан белгілі болған барлық ұсыныстардан ажыратылатындай етіп сипатталуы керек. Ұсыныстың сипаттамасы ойлап табылған немесе өзгертілген құрылғының, әдістің немесе заттың ерекшеліктерін толық көрсетуі, оның қалай жұмыс істейтінін түсіндіруі және оны қайда қолдануға болатынын көрсетуі керек.

1.3. Сипаттама ұсыныстың мәнін түсінуге болатындай қысқа да нұсқа, сауатты жазылған болуы керек. Сипаттамада идея авторының/өнертапқыштың пікірінше ұсынысты жүзеге асыруға ең жақсы әдіс көрсеткен жөн.

1.4. Ұсыныс сипаттамасы мыналарды қамтуы керек:

- а) ұсыныстың атауы;
- б) мәселе сипаттамасы;
- в) кіріспе бөлім;
- г) ұсыныстың толық сипаттамасы;
- д) қоса берілген материалдардың тізімі (сызбалар, анықтамалық ақпарат, презентациялар және т.б.).

1.5. Ұсыныс атауы қысқа және нақты болуы және ұсыныстың мәніне сәйкес болуы керек. Ол дерексіз немесе шартты таңбамен көрсетілмеуі керек.

1.6. Кіріспе бөлім ұсыныстың қай салаға жататынын және оны қайда қолдануға болатынын көрсетуден басталуы керек; бұл ұсыныс қандай белгілі құрылғыны, әдісті немесе затты жетілдіретінін, қандай олқылықтар мен нақты кемшіліктерді толтыруға немесе түзетуге арналғанын; ұсынысты қолдану нәтижесінде қандай мақсаттарға қол жеткізілетінін немесе қандай міндеттер шешілетінін көрсетеді. Сипаттаманың кіріспе бөлігінде сызбаларға сілтеме жасауға болмайды.

1.7. Әдістің (технологияның) толық сипаттамасында мыналар болуы керек: әдіс амалдарының (операцияларының) тізбесі, бұл әдістер қандай ретпен, қандай режимдерде (температура, қысым және т.б.) орындалатынын көрсету. Әдіс сипаттамасында оны жүзеге



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 18-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

асырудың нақты мысалдары, сондай-ақ тәжірибелік тексерудің (жүргізілген болса) нәтижелері туралы мәліметтер келтірілуі керек.

1.8. Толық сипаттама мәтінінде сипаттамада айтылған, сызбаларда көрсетілген барлық бөлшектер мен тораптардың сандық белгілеріне, сондай-ақ, егер бұл маңызды болса, сипатты өлшемдерге сілтеме жасалуы керек. Сәйкес тораптардың немесе бөлшектердің сандық белгілері бірден бастап өсу ретімен қойылады. Сызбалардағы тораптар немесе бөлшектер бірдей сандармен белгіленуі керек.

1.9. Ұсыныс толық сипатталғаннан кейін барлық сызбалардың тізімі, олардың әрқайсысында не көрсетілгенін қысқаша түсіндіріп, берілуі керек. Бұл ретте әрбір фигураға жеке түсініктеме берілуі керек. Сипаттама мәтінінде көрсетілген барлық маңызды тораптар мен бөлшектер араб цифрларымен белгіленуі керек.

1.10. Ұсыныс сипаттамасындағы бөлшектердің, тораптардың, амалдардың, ингредиенттердің атауы ғылыми-техникалық әдебиетте қабылданғандарға сәйкес болуы керек. Осы сала мамандарына белгілі сөз тіркестерін пайдалану керек. Бөлшектердің, тораптардың, амалдардың, ингредиенттердің атаулары сипаттамада бірдей болуы, яғни терминология бірізділігі сақталуы керек.

2. Сызбаларға қойылатын талаптар

2.1. Егер сызбалар ұсыныс сипаттамасына жалғанса, олар сипаттамамен біртұтас болуы керек.

2.2. Масштаб сызбаның анық болуын қамтамасыз етуі керек.

2.3. Сызбалардың саны өтінімде аталған ұсыныстың мәнін түсіндіру үшін жеткілікті болуы керек.

2.4. Сызбаның бір фигурасында ұсыныс мәні болып табылатын құрылғының (конструкцияның) немесе сол бөлшектің, құрылғы торабының, технологиялық, қағидалық сызбаның жалпы көрінісі берілуі керек. Бөлек проекциялар, құрылғының бөліктері мен тораптары, нобайлар сол немесе басқа сызбаларда көрсетілуі мүмкін. Сызбаның фигуралары тым көп орын алмайтындай орналасуы керек, олар бір-бірінен анық бөлінуі керек.

2.5. Электр және радиотехникалық құрылғыларға өтінімде осы құрылғылардың негізгі (қағидалық) сызбалары болуы керек.

2.6. Сызбаларда көрсетілген тораптар мен бөлшектер сипаттамадағы сандармен белгіленеді. Бірнеше сызбадағы бірдей бөлшек не торап бірдей нөмірмен көрсетіледі. Сипаттама мәтінінде айтылмаған сандық немесе басқа белгілер сызбаларда болмауы керек.

3. Қалыптар мен үлгілер

3.1. Ұсынысты сипаттайтын қалыптар мен үлгілер Техникалық кеңес талабымен ғана беріледі.



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 19-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

3.2. Қалыптар ұсыныс артықшылықтарын дәлелдеу үшін талап етілуі мүмкін.



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 20-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

№3 қосымша

**Өнертабыстық ұсыныстан болатын
жылдық үнемді алдын ала есептеу**

Ұсыныс атауы: _____

Автор (бірлескен авторлар): _____

1. Өнертабыстық ұсыныстан болатын жылдық үнемді алдын ала есептеу:

Есеп элемент-тері	Бірлікке есептеу						Ұсыныстан болған жылдық үнем	
	ұсынысқа дейін		ұсыныстан кейін		үнем			
	заттай	теңгемен	заттай	теңгемен	заттай	теңгемен	заттай	теңгемен
Барлығы:								

2. Өнертабыстық ұсыныстан болатын жылдық үнемді алдын ала есептегенде _____ теңге шықты.

Автор (бірлескен авторлар):

_____ (қызметі)

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

_____ (қызметі)

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

_____ (қызметі)

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

20 ____ ж. « ____ » _____



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 21-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

№4 қосымша

Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшесінің ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1	Ұсыныс Ережеде көрсетілген өлшемшарттарға сай ма?
2	Сипаттамада мәселе мәні, ұсынылатын шешім мәні және оны іске асыру әдісі ашылды ма?
3	Ұсыныс Қоғам қызметі саласына жата ма?
4	Қоғамда жүзеге асырылатын осы өнертабыстық ұсынысты енгізуге дайындық және пайда деңгейін көрсету
5	Ұсыныста мәселенің, автордың шығармашылық жұмысының және өзіндік шешімінің бар екенін растау немесе жоққа шығару
6	Жаңалығын бағалау. Жаңалығы жоқ болса - тиісті ақпарат көздеріне сілтеме жасай отырып дәлелдеу, ұсынысты пайдалану орынсыз болса, оны негіздеу керек.
7	Автор жүргізген экономикалық немесе басқа тиімділік есебінің дұрыстығына баға беру
8	Ұсынысты тәжірибелік тексеруге немесе енгізуге қабылдау керек пе?

Қолдары:

_____	_____	_____
(қызметі)	(қолы)	(аты-жөні)
_____	_____	_____
(қызметі)	(қолы)	(аты-жөні)
_____	_____	_____
(қызметі)	(қолы)	(аты-жөні)

20 ____ ж. « ____ » _____



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 22-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

№5 қосымша

Өнертабыстық ұсынысты пайдалану туралы АКТ

Ұсыныстың тіркеу № _____ 202_ж. « ____ » _____

Ұсыныс атауы: _____

Өнертабыстық ұсыныс сипаттамасына сәйкес 202_ ж.- 202_ ж. кезеңінде

қондырғыда, учаскеде және т.с.с.

пайдаланылды.

Жетекшілік ететін бірінші басшы орынбасары _____ (қолы)

Ұсынысты пайдалану басталғанымен танысты:

Автор (бірлескен авторлар):

_____ (қызметі)	_____ (қолы)	_____ (аты-жөні)
_____ (қызметі)	_____ (қолы)	_____ (аты-жөні)
_____ (қызметі)	_____ (қолы)	_____ (аты-жөні)

20__ж. « ____ » _____



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 23-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмунай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

№6 қосымша

Өнертабыстық ұсыныс авторларының сыйақыны бөлу туралы КЕЛІСІМІ

Ұсыныстың тіркеу № _____ 202_ ж. « ____ » _____

Ұсыныс атауы: _____

Қоғамның Ғылыми-техникалық кеңесінің 202_ ж. ____ шешімімен ұсыныс өнертабыстық деп табылды және 202_ ж. ____ бастап Қоғамда

_____ қондырғыда, учаскеде және т.с.с.
пайдалануға қабылданды.

_____ теңге
(санмен және жазбаша)

көлеміндегі сыйақы авторлар арасында келесі ара салмақпен бөлінеді:

Қолдары:

_____ (қызметі)	_____ (қолы)	_____ (аты-жөні)
_____ (қызметі)	_____ (қолы)	_____ (аты-жөні)
_____ (қызметі)	_____ (қолы)	_____ (аты-жөні)

20 ____ ж. « ____ » _____



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 24-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

№7 қосымша

Экономикалық тиімділігі бар өнертабыстық ұсыныс үшін төленетін авторлық сыйақы көлемін алдын ала есептеу

Ұсыныстың тіркеу № _____ 202_ ж. « ____ » _____

Ұсыныс атауы: _____

Автор (бірлескен авторлар): _____

1. Өнертабыстық ұсыныстан болатын жылдық үнемді алдын ала есептеу:

Есеп элементтері	Бірлікке есептеу						Ұсыныстан болған жылдық үнем	
	ұсынысқа дейін		ұсыныстан кейін		үнем			
	заттай	теңгемен	заттай	теңгемен	заттай	теңгемен	заттай	теңгемен
Барлығы:								

2. Өнертабыстық ұсынысты пайдаланудан болған жылдық экономикалық үнем _____ теңге.

3. Сыйақы көлемі: _____ теңге.

4. Сыйақы бөлу туралы жазбаша келісімге сәйкес, әр авторға _____ тиесілі болады.

5. Өнертапқыштыққа көмек көрсеткені үшін сыйлықақы авторлық сыйақының _____% мөлшерінде есептеледі.

Үнем есебі мен авторлық сыйақы есептеу тәртібімен таныстым:

Автор (бірлескен авторлар):

_____ (қызметі)

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

_____ (қызметі)

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

_____ (қызметі)

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

20 ____ ж. « ____ » _____



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 25-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

КЕЛІСІМДЕУ ПАРАҒЫ

(Қызмет бабындағы құжат, түпнұсқасымен бірге сақталады)

№	Аты-жөні	Қызметі	Күні	Қолы	Ескерту
1	2	3	4	5	6
1	Союнов Нурсейит Джомартович	Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары			
2	Тао Е	Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары			
3	Сериков Мырза Бегимович	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары			
4	Лю Цинго	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары			
5	Кабылов Онгар Жолдыбаевич	Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары			
6	Чжао Цзинчжун	Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары			
7	Габдижанов Эльдар Нуруллаевич	Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары			
8	Лю Юн	Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары			
9	Жайман Таңатар Өскінбайұлы	Бұрғылау және ҰЖКЖ жөніндегі басқарушы директор			
10	Дуйсебеков Нурлан Хибадуллаевич	Көлік жөніндегі басқарушы директордың м.а.			
11	Садуакасов Манепхан Ерджанович	Бас геолог			
12	Нурмуханов Кайрат Боранбаевич	Келешекте даму және қатерлерді басқару департаментінің директоры			
13	Бисенов Самат Сармалаевич	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау департаментінің директоры			
14	Кошиева Алия Жаксылыковна	Заң департаментінің директоры			

Разработано:

БЖЭТд директоры

қолы

Маштакова А.М.

аты-жөні

БЖЭТд директорының орынб.

қолы

Ван Канкан

аты-жөні



Құжат түрі: ЕРЕЖЕ	Құжат коды: ПК-Е-14-	Құжат басып шығарылған күн: 05.05.2022 ж.
Нұсқа №: 1 (жаңа нұсқа)		Беті: 26-26 беттен
Құжат атауы: «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы өнертабыстық қызмет туралы ереже		

ҚҰЖАТПЕН ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

(Қызмет бабындағы құжат, түпнұсқасымен бірге сақталады)

Құжатпен таныстым:

№	Аты-жөні	Қызметі	Күні	Қолы	Ескерту
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					